


Математика

$9 - 6 = 3$




Оқулық

$3 + 2 - 1 = 4$



$2 + 8 = 10$



$7 + 5 = 12$



$= 8$



$3 + 6 = 9$



1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

NIS
 Назарбаев
 Зияткерлік
 мектептері

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 74.3

М 29

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша**

**Г. Ш. Жакупова, Н. В. Орехова, Н. В. Лебедева, С. И. Уакбаева,
А. О. Мадхалыкова, Н. З. Иманбаева.**

Редакторы Г. Н. Базарбаева

М 29 Математика. 1-сынып. Оқулық. Көру қабілеті бұзылған (нашар көретін) балаларға арналған арнайы жалпы білім беретін мектептердің (сыныптардың) 1-сыныбына арналған оқулық. 4-бөлім.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша «ӘБЕО орталығы» ЖШС-інде үлкейтілген қаріпке бейімделген. – Алматы 2018 ж., 122 б.

ISBN 978-601-249-313-9
ISBN 978-601-249-316-0 (4 б.)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-249-316-0 (4 б.)
ISBN 978-601-249-313-9

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2016

Мазмұны



3 Теңдік және теңсіздік. Тендеу

Санды бірнеше бірлікке арттыруға және кемітуге арналған есептер	5
Айырмалық салыстыруға арналған есептер	8
Әртүрлі есептерді шығару	11
Математикалық Наурыз	14



4 Күнделікті өмірдегі есептеулер

Ақша. Теңге	18
Күнделікті өмірдегі есептеулер	18
Монеталар	21
Баға	23
Ақшаны ұсақтау	26
Монеталармен төлеу	29
Есеп шығару. Ақшаны қалай төлейміз?	32
Саудаға қатысты есептер	35
Қымбат – арзан	39
Жиын және логика элементтері	42



5 Жиын және логика элементтері

Пиктограмма	42
Диаграмма	45
Диаграмма және пиктограмма құру	48
Логикалық есептер	52
Логикалық есепті шығару	54
Кестенің көмегімен есеп шығару	57

Логикалық есептер шығарамыз	59
Жиын дегеніміз не?	62
Жиындарды салыстыру.	
Тең жиындар	65
Жиын. Бос жиын	69
Заттардан комбинация құрастыру	73
Комбинацияларды құрастыру	76
Ұзындық. Өлшеу және салыстыру	79
Масса. Өлшеу және салыстыру	82
Көлем. Өлшеу және салыстыру	85

6 **Нысандардың орналасуы және бағыты**

Түзу. Кесінді. Сынық сызық	91
Кесінділерді өлшеу. Фигураларды салу	94
Нүктелі қағазға фигураларды сызамыз	97
Нүктелі қағаздағы фигуралардың моделі	100
Фигураларды салыстыру	103
Фигуралардың орналасуы	106
Заттардың орналасуы	109
Математикалық марафон	111

Глоссарий	114
------------------------	-----


Санды бірнеше бірлікке арттыруға және кемітуге арналған есептер

Сен

- санды бірнеше бірлікке арттыруға және кемітуге арналған есептер шығаруды меңгересің;
- осындай есептерге сызба құрастыруды үйренесің.


Саябаққа серуендеуге 3 ересек адам және олардан 2 адамға артық бала шықты. Саябаққа серуендеуге қанша бала шықты?

Қосу амалына берілген есептің шешімін осы үлгі бойынша жаса:



Жауабы: 5 бала.

Сызба бойынша есеп құрастыр




Саябақта 6 бала велосипед, ал одан 4-уі кем бала скейтборд тепті. Неше бала скейтборд тепті?

Азайту амалына берілген есептің шешімін осы үлгі бойынша жаса:



Жауабы: 2 бала скейтборд тепті.

Сызбаға қарап есеп құрастыр және оны шығар.



Шығарып көр

- А. Жолдың жиегінде 7 ағаш өсіп тұр, ал бұтаның саны одан 2-ге артық. Жолдың жиегінде неше бұта өсіп тұр?
- Ә. Маржан өзен жағасынан 8 ақ тас және одан 4-уі кем қара тас жинады. Маржан неше қара тас жинады?

Ойлан


Шешуі бойынша есеп құрастырып көр. $5 + 3 = 8$

Орындап көр

Берілген есепке кері есеп құрастыр.
Әкесі 17 балық, ал баласы одан 4 балық кем аулады.
Баласы неше балық аулады?



17




Ойыншықтар

Сызбада не көрсетілген? Айтып бер. Есепті шығар.




4



Әселдің 4 қуыршағы және 6 қонжығы бар.
Қуыршақтар саны қонжықтар санынан қаншаға кем?



Шығарып көр

Сызба бойынша есеп құрастыр және оны шығар.



Орындап көр

Суреттер бойынша есептер құрастыр.



Ойлан

Есептің шешуі қайсы?
 Анасы ірімшікті 3 тілімге, ал нанды 7 тілімге кесті. Ірімшікке қарағанда нан тілімінің нешеуі артық?

$7 + 3 = 10$ $7 - 3 = 4$

Әртүрлі есептерді шығару

Сен

- әртүрлі есептерді шығаруды үйренесің;
- кері есептерді шығара білуді меңгересің.


Есептердің бірнеше түрі болады.
Әр есептің сызбасы мен шешуі болады.

Есептерді салыстыр.

Есептердің шартын, сұрағын және шешуін салыстыр.


$$6 - 2 = 4 \text{ (ішек)}$$

Жауабы: скрипканың 4 ішегі бар.



$$6 - 4 = 2 \text{ (ішек)}$$

Жауабы: скрипканың ішегі 2-ге кем.



Сурет бойынша есеп құрастырып көр.


А.



2-ге артық




Ә.



Шығарып көр

Берілген есепке кері есеп құрастыр. Есепті шығар.



Орындап көр

Сұрақ бойынша есеп құрастыр:

А. Кемеге қарағанда қайықтар саны нешеге артық?

Ә. Әуежайдан неше ұшақ ұшып кетті?

► Ойлан

Берілген мәтін бойынша есеп құрастыр.

8 ұл серуенге шықты. Қыз балалардың саны олардан 3-ке кем.



Математикалық Наурыз

Сен

- сандарды қосу, азайту, салыстыру дағдыларын бекітесің;
- теңдеуді шешу дағдысын жетілдіресің.

Бәйге

Мысалдарды шығарып,
қарсыласыңнан оз.

а) $20 - 9 + 4$;

в) $16 - 4 + 7$;

ә) $12 + 3 - 4$;

г) $9 + 5 - 2$;

б) $4 + 8 + 5$;


ғ) $6 + 7 - 0$.

Мысалдарды сандық сәуленің көмегімен шығар.



Арқан тарту

Өрнектерге салыстыру белгілерін қойып шық.



а) $5 + 12$ $18 - 3$

б) $6 + 3 - 1$ $5 - 4 + 8$

ә) $19 - 9$ $17 + 2$

в) $10 - 2 + 2$ $15 + 0 - 7$

д) $15 \text{ см} + 4 \text{ см}$ $20 \text{ см} - 3 \text{ см}$

е) $5 \text{ кг} + 5 \text{ кг} + 2 \text{ кг}$ $20 \text{ кг} - 8 \text{ кг}$

Алтыбақан

Теңдеулерді шеш.

а) $x + 7 = 19$

ә) $y - 16 = 4$



Шығарып көр

Әмина мен Ажар қызғалдақтар мен сарғалдақтардан гүл шоқтарын жасамақшы болды. Олар 5 қызғалдақ және 7 сарғалдақ жинады. Қай гүлдің саны артық? Қаншаға артық?



Орындап көр

4 батырды үстелдің ар жағында екі-екіден отыратындай етіп жайғастырып отырғыз.



4

Күнделікті өмірдегі есептеулер

Ақша. Теңге

Сен

- монетаның не екенін білетін боласың;
- монеталардың түрлерімен танысасың.


Тірек сөздер

ақша
монета
теңге

Ақшамен қажетті заттарды сатып алуға болады.



Сатып алған заттарға төлеу үшін металдан жасалған ақша – **монетаны** қолданамыз.



Монеталар

Монеталарға қара. Оларды салыстыр.

Құны ең төмен монетаны тап.

Құны ең жоғары монетаны тап.



Монеталарды салыстыр.

Қатар тұрған монеталарға


қара. Оларды салыстыр.

Сен не байқадың?




Шығарып көр


Сурет бойынша мысалдар құрастыр. Оларды шығар.



$$2 \text{ теңге} + 3 \text{ теңге} + 1 \text{ теңге} = 6 \text{ теңге}$$




$$? \text{ теңге} + ? \text{ теңге} + ? \text{ теңге} = ?$$



$$? \text{ теңге} + ? \text{ теңге} + ? \text{ теңге} =$$

Орындап көр

2 теңгенің жартысын қандай теңге құрайды?
10 теңге мен
20 теңгенің жартысын тауып көр.



$$? \text{ теңге} + ? \text{ теңге} + ? \text{ теңге} = ?$$

? Сен білесің бе?

15 қараша – теңге күні.

Теңге – Қазақстанның ұлттық валютасы.

Монеталар

Сен

- монеталарды салыстыруды үйренесің.

Монетада жазылған сан оның номиналды құнын білдіреді.

Әмияндағы монеталар

Әмияндардағы монеталарды салыстыр.

Тірек сөздер

заттың
құны



?



?



?



Номиналды құны 10 теңге болатын бір монета номиналды құны 1 теңге болатын он монетаға тең.



Қанша монета?

1. 10 теңге алу үшін неше



монетасы қажет?

2. 20 теңге алу үшін неше



монетасы қажет?

3. 20 теңге алу үшін неше



монетасы қажет?

Орындап көр

Монеталар қатарына қара және ондағы заңдылықты тап



Шығарып көр

20 теңгеге тең сома алу үшін номиналды құны 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг болатын монеталардың нешеуін алу қажет? Номиналды құны бірдей монеталарды қолдан. Мысалы, құны 1 тг болатын 20 монета.

Баға


















Сен

- бағаның не екенін білетін боласың;
- монеталардан қажет соманы құрастыруды үйренесің.

Тірек сөздер

сома
баға

Белгілі бір соманы әртүрлі монеталар арқылы бірнеше тәсілмен жинауға болады.


  	13 теңге
   	13 теңге
    	13 теңге
    	13 теңге

Белгісіз монеталар

Қай монеталардан көрсетілген сома шығатынын анықта.



ә)



Баға заттың қанша тұратынын көрсетеді.

► Ойлан
 Жандос альбом сатып алмақшы болды. Дүкенде бір альбом 90 теңге, ал екіншісі 80 теңге тұрады. Альбомдардың қайсысы арзан? Неге?

Орындап көр

Шырынның бағасы қанша тұрады?
Шырын сатып алу үшін сатушыға қандай монеталарды бересің?




Шығарып көр

Нұрболдың қоржынында 2 теңгелік бірнеше монета бар. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.
Қоржында қанша ақша бар?

Осы соманы тек 1 теңгелік монеталардан жинаса, оның неше монетасы болар еді?

- 5 тг-ден жинаса ше?
- 10 тг-ден жинаса ше?



Ақшаны ұсақтау


Сен

- есептесу кезінде монеталарды қалай пайдаланатынын білетін боласың.


Тірек сөздер

ұсақтау

Біз ірі монеталарды ұсағырақ монеталарға ұсақтай аламыз.




Ірі монетаны ұсақ монеталарға ұсақтап, біз сатып алған заттарға қайтарымсыз төлем жасай аламыз.



Сурет бойынша түсіндір.

10 теңгелік 2 монетаң бар болса, 13 теңге тұратын затқа қалай төлеуге болатынын айтып бер. 20 теңгелік 2 монетаң болса, 30 теңге тұратын затқа қалай төлейсің?



Шығарып көр

Жанардың 20 теңгелік 5 монетасы бар.
Ол бағасы 50 теңге тұратын балмұздақ сатып алғысы келді. Ол оны сатып алу үшін не істеуі керек?
Бірнеше тәсілін көрсет.



Орындап көр

Мектеп асханасына барып, 1 тағамның бағасын біл. Оған тапсырыс беріп, 10 теңгеліктермен есептесіп көр.

Монеталармен төлеу

Сен

- төлем жасау үшін монеталарды қалай ұсақтау керек екенін үйренесің.

Мына монеталарды ұсақта.


Монеталарды тағы қалай ұсақтай аласың?

а)



10 теңгелік 1 монета 5 теңгелік 2 монетаға тең.

ә)



20 теңгелік 1 монета 10 теңгелік 2 монетаға тең.

б)



5 теңгелік 1 монета 2 теңгелік 2 және 1 теңгелік 1 монеталарға тең.

в)



Орындап көр



► Ойлан
20 теңгелік 2 монетаны қалай ұсақтауға болады?

Есеп шығару. Ақшаны қалай төлейміз?

Сен

- саудаға қатысты есептерді шығаруды үйренесің;
- есепке сәйкес тірек сызбаны таңдай алатын боласың.

Есеп



Назым асханадан тоқаш пен бір стақан сүт сатып алды. Тоқаштың бағасы – 20 теңге. Бір стақан сүттің бағасы – 30 теңге. Назым қанша ақша жұмсады?

Есептің қандай бөліктерден тұратынын еске түсір:


1 ШАРТЫ: Назым асханадан тоқаш пен бір стақан сүт сатып алды. Тоқаштың бағасы – 20 теңге. Бір стақан сүттің бағасы – 30 теңге.

2 СҰРАҒЫ: Назым қанша ақша жұмсады?

20 теңге (бөлік)

30 теңге (бөлік)

Шешуі:



$20 + 30 = 50$ (тг)

? теңге (бүтін)

Жауабы: Назым 50 теңге жұмсады.


Шығарып көр

Есепті оқы. Есептің шарты мен сұрағын тап. Есепті шығар, жауабын жаз.

Әмиянда 10 теңге бар.


Оған тағы 6 теңге салынды.

Әмиянда енді қанша ақша болды?



Орындап көр

Қарындаш қанша тұрады?
Өшіргіш қанша тұрады?
Сурет бойынша есеп құрастыр және шығар.



Есептің 2 бөлігі
болатынын есінде сақта.

- 1** шарты
- 2** сұрағы

Саудаға қатысты есептер

Сен

- саудаға қатысты есептерді шығаруды үйренесің;
- есеп шығаруға қажетті сызбаны таңдауды үйренесің.

Есепті тап

Мәтіндерді оқы. Олардың қайсысы есеп болып табылады? Неге?

- А.** Қанат жексенбі күні саябақта демалды. Ол тәтті мақта сатып алуға 40 тг жұмсады. Ал өткеншек тебуге 50 тг жұмсады.



Қанат демалыстан қуанып қайтты.

Ә. Қанат жексенбі күні саябақта демалды.

Ол тәтті мақта сатып алуға 40 тг жұмсады.

Ал әткеншек тебуге 50 тг жұмсады.

Қанат демалыс күні қанша теңге жұмсады?

Қоржын

Есепке сәйкес келетін сызбаны таңда және оны шығар.


Нұргүл мен Нұрлан ақша жинап жүр.

Нұргүл жинақ қоржынға 10 тг, ал Нұрлан 8 тг салды.

Олардың қоржынында қанша ақша бар?




? теңге (бөлік) 8 теңге (бөлік)




10 теңге (бүтін)

8 теңге (бөлік) 10 теңге (бөлік)



? теңге (бүтін)

? теңге (бөлік) ? теңге (бөлік)




10 теңге (бүтін)

Шығарып көр



40 теңге тұрады,




20 теңге тұрады.

Сызбаны пайдаланып есептің шартын оқы.
Есепке қатысты сұрақ құрастыр.

40 теңге (бөлік)

20 теңге (бөлік)



? теңге (бүтін)

Орындап көр

Әлия әмиянынан алдымен 7 теңге, содан кейін тағы 8 теңге алды. Әмиянда қанша ақша қалды? Есептің сұрағына жауап беруге бола ма? Неге? Есепті шығаруға болатындай етіп, сұрақты өзгерт.



Қымбат – арзан

Сен

Тірек сөздер


қымбатырақ
арзанырақ

- азайту амалына берілген есептерді шығаруды үйренесің;
- есеп шығару үшін сызбаны таңдай алатын боласың.

Қаншаға қымбат? Қаншаға арзан?



- 1.** Серік тоқаш сатып алғысы келді. Оның ақшасы жете ме? Неге? Серіктің батон сатып алуға ақшасы жете ме? Неге? Қайсысы қымбат: тоқаш па, әлде батон ба? Қаншаға қымбат?
- 2.** Дарияға анасы нан сатып алуды тапсырды. Дария бағасы арзан нан сатып алғысы келді. Ол қай нанды таңдайды? Неге? Сен оны қалай білдің?





Шығарып көр

Айгүл бір стақан шырын, ал Назар бір стақан сүт сатып алды. Кімнің сатып алған заты қымбат? Қаншаға қымбат? Есептің сызбасын анықта және есепті шығар.



Орындап көр

Кекс қанша тұрады? Ал бәліш ше?

Есептің мәтінін мынадай сұраққа аяқталатындай етіп құрастыр:

... .. қарағанда, қаншаға қымбат?



5

Жиын және логика элементтері

Пиктограмма

Сен

- пиктограммамен танысасың;
- пиктограмманың қайда қолданылатынын білетін боласың.

Тірек сөздер

пиктограмма



Пиктограмма – затты белгілеу үшін қолданылатын сурет немесе таңба.

Сүйікті жемістер

Оқушылар сыныпта «Саған қандай жеміс ұнайды?» атты сауалнама жүргізді. Сауалнаманың нәтижесі суреттердің көмегімен көрсетілді.

Әр бағандағы жемістерді сана. Сұрақтарға жауап бер:

- Неше оқушы алманы жақсы көреді?
- Неше оқушы алмұртты жақсы көреді?
- Неше оқушы апельсинді жақсы көреді?
- Неше оқушы бананды жақсы көреді?



Портфельдерді сана.

Сыныпта қандай түсті портфельдер көп? Қандай портфельдер аз? Сыныпта барлығы неше портфель бар? (Кестеде портфель пиктограммасы – тіктөртбұрыш).

Қызыл	
Көк	
Жасыл	
Қара	

Шығарып көр

Сыныпта 20 оқушы бар. Ілияс оқушылар арасында: «Сен қандай шырынды жақсы көресің?» деген сауалнама өткізді. Суретке қарап сұраққа жауап бер: «Неше оқушы қызанақ шырынын жақсы көреді?» (Әр оқушы тек бір ғана шырын түрін жақсы көреді.)



Орындап көр

Көшеден немесе үйден пиктограммалар тап. Олар нені білдіреді? Оларды суретке түсір немесе суретін сал. Олар туралы сыныпта айтып бер.

Диаграмма

Сен

- диаграммамен танысасың;
- диаграмманың не үшін қажет екенін білетін боласың.


Тірек сөздер

диаграмма

Диаграмма – бұл тіктөртбұрыштардан немесе шаршылардан тұратын сурет. Ол мәліметтердің арақатынасын көрсетеді.

Балалардың сүйікті ісі

Диаграммаға қара. Сұрақтарға жауап бер. Неше бала доп ойнағанды жақсы көреді? Неше бала велосипед тепкенді жақсы көреді? Неше бала секіргішпен секіргенді ұнатады?



Сен неше жастасың?

Балалар бір-бірінің жасын сұрап білді.

Диаграмма бойынша сұрақтарға жауап бер.

Қай жастағы балалар бәрінен көп?

Қай жастағы балалар бәрінен аз?

Сен алты жастағы балалардың саны туралы не айта аласың?




Шығарып көр

Данияр мен Жанат аналарына ыдыс жууға көмектесті. Балалар әрбір жуған тәрелке үшін қораптан 1 печенье алып отырды. Кімнің жуған тәрелкесі көп және қаншаға көп?



Данияр



Жанат

Орындап көр

Диаграмма бойынша тапсырма құрастыр.

Спорттық жетістіктер

Диаграммаға қара. Оқушылар спорттың қай түрлерінен жеңімпаз? Мәліметтерді салыстыру үшін диаграмма сал.

Спорт түрі	Жетістік саны (жұлдыз)
бадминтон	4
баскетбол	6
гимнастика	5
үстел теннисі	2

Диаграмма және пиктограмма құру


Сен

- пиктограмма құруды және оны оқуды үйренесің;
- диаграмма құруды және оны оқу алатын боласың.

Пиктограмма мен диаграмма мәліметтерді салыстыру үшін қолданылады.

Самсалар


Әже ет, картоп және қырыққабат қосылған самсалар пісірді. Суреттегі пиктограмма мен диаграмманы салыстыр. Диаграмманың әр бағаны нені білдіреді?



Отбасындағы түскі ас

Диаграммаларға қара және сұрақтарға жауап бер.

- Әкесі неше самса жеді?
- Анасы неше самса жеді?
- Әжесі неше самса жеді?
- Қызы неше самса жеді?




Шығарып көр

Серікте 8 түрлі түсті қарындаш және 2 жай қарындаш бар.


Ал Нұрәліде 7 түрлі түсті қарындаш және 1 жай қарындаш бар.

Серік – пиктограмма, ал Нұрәлі диаграмма құрды.


Балалардың қайсысы тапсырманы дұрыс орындады?



түрлі түсті



жай



Орындап көр

Өз сыныбыңдағы парталар мен
шкафтар санына сәйкес диаграмма
мен пиктограмма құрастыр.



Логикалық есептер

Сен

- логикалық есептермен танысасың;
- логикалық есептерді шығаруды үйренесің.

Тірек сөздер

логикалық
есеп

Логикалық есептерді шығаруда ойлану, салыстыру, болжау керек. Әрбір логикалық есепке лайық шығару тәсілін таңдап алу керек.

Суреттер

Сара мен Әлияның біреуі суреттерді журналдан, екіншісі кітаптан қарады. Егер Әлия суреттерді кітаптан қарамаса, онда Сара суреттерді қайдан қарады?



Шығарып көр
Айгүл Жанардан
10 жас кіші.
Жанар Анардан
2 жас үлкен.
Бәрінен кіші кім?

Достар

Асхаттың бойы Ілиястан ұзын, Ілиястың бойы Мараттан ұзын.

Балалардың атын ең ұзынынан бастап ата.



Орындап көр

Тауып көр!
Алдымен не болған, ал кейін ше?



Ойлан

Бала баспалдақтың ортасында тұр.
Баспалдақтың 5 сатысы бар.
Бала нешінші сатыда тұр?

Логикалық есепті шығару

Сен

- логикалық есепті бөліктерге бөлу арқылы шығаруды үйренесің.

Кейбір логикалық есептерді қадам-қадаммен шығаруға болады. Ол үшін есепті бөліктерге бөлу керек және әрбір бөлікті жеке шығару қажет. Сен осылайша есептің жауабын табасың.

Күшіктер

Ақ, қара және сары күшіктер

№ 1, № 2, № 3-пәтерлерде тұрады. Бірінші мен екінші пәтердегі күшіктер қара емес. Ал ақ күшік бірінші пәтерде тұрмайды. Әрбір күшік қай пәтерде тұрады?



Төмендегі сұрақтарға жауап бер:

1-қадам

- № 1 және № 2-пәтерлердегі күшіктер қара емес. Қара күшік қайда тұрады?

А	Қ	С
1	2	3

2-қадам

- Қара күшік № 3-пәтерде тұрады, ал ақ күшік № 1-пәтерде тұрмайды. Ақ күшік қайда тұрады?

А	Қ	С
1	2	3

3-қадам

- Сары күшік қайда тұрады?

А	Қ	С
1	2	3

Отбасы

Отбасында Нұрәлі, Тимур және Айша атты үш бала бар. Олардың жастары 5-те, 8-де, 10-да. Егер Айша балабақшаға барса, ал Нұрәлі Тимурдан үлкен болса, әр бала неше жаста?

Нұрәлі	Тимур	Айша
5	8	10




Орындап көр

Ленаның туған күніне 3 досы: Әли, Сәуле, Оля келді. Оля Әлиден ерте келді, ал Сәуле ең соңғы болып келді. Ең бірінші болып кім келді?

Шығарып көр

Төрт дос доп лақтырып ойнады. Мерей допты Ерланнан алыс, бірақ Рауаннан жақын лақтырды. Ал Аслан Ерланға қарағанда жақын лақтырды. Балалардың қайсысы допты бәрінен алыс лақтырды? Кім бәрінен допты жақын лақтырды?



Кестенің көмегімен есеп шығару

Сен

- кестенің көмегімен логикалық есептерді шығаруды үйренесің.

Тірек сөздер

кесте
жол
баған

Мәліметтері көп логикалық есептерді кестенің көмегімен шығару ыңғайлы. Баған мен оған сәйкес келетін жолдың қиылысына «+» немесе «-» белгісін қою керек. Барлық мәліметтерді кестеде белгілеген соң, қорытынды жасап, есептің сұрағына жауап бере аласың.

Баскиімдер

Дидар, Сәкен және Саматтың баскиімдері қызыл, көк және жасыл түсті. Дидардың баскиімі қызыл емес. Саматтың баскиімі қызыл да емес, көк те емес. Әр баланың баскиімі қандай түсті?

	Қызыл	Көк	Жасыл
Дидар	-	+	-
Сәкен	+	-	-
Самат	-	-	+



Құрбылар

Бақыт, Дина, Жанар

алма, алмұрт,
апельсин жеді.

Бақыт алманы
ұнатпайды.

Дина апельсинді
жақсы көреді.

Әр қыз қандай жемісті сүйсініп жеді?

Дәптеріңе кестені сыз және есептің шешуін тап.

	Бақыт	Дина	Жанар
			
			
			



Шығарып көр

Дарын, Асан және Тимурда танк, ұшақ және мәшине ойыншықтары бар. Дарынның ойыншығы мәшине емес. Ал Асанның ойыншығы ұшады.

Әр балада қандай ойыншық бар?

Дәптеріңе кестені сыз және есепті шығар.

Орындап көр

	Дарын	Асан	Тимур
			
			
			

Ойыңнан кестенің көмегімен шығаруға болатын есеп құрастыр. Оны досыңа шығаруға ұсын.


Логикалық есептер шығарамыз

Сен


- логикалық есептің жаңа түрлерімен танысасың;
- логикалық есепті басқа тәсілдермен шығаруды үйренесің.

Фигураларды сана:

а) барлық
тік төртбұрыштарды;




ә) барлық үшбұрыштарды.



► **Ойлан**

Анасы нан кесті. Ол нанды үш жерден кесті.
Қанша тілім нан шықты?



Шығарып көр

Себетте 2 алма және 6 алмұрт жатыр.

Себеттен 4 жемісті алынды.


Олар қандай жеміс болуы мүмкін?




Сіріңке таяқшасымен берілген тапсырма

Дұрыс теңдік шығу үшін 1 таяқшаны алып таста:

а)



ә)



Жабайы аңдар

Суретке қара. Сөйлемдерді оқы.

Қайсысы дұрыс?


Қайсысы бұрыс?

1. Суретте 1 қасқыр бейнеленген.
2. Түлкі қызыл белдемшелі аңнан үлкен.
3. Сұр түсті аңдар жирен құйрықты аңдардан көп.
4. Қызыл белдемшелі аң ең кішісі емес.
5. Түлкі ең үлкені емес.



Орындап көр

1 таяқшаны
ауыстырып,
үйді басқа
жаққа бұрып
қой.



Үй жануарлары

Айгүлдің 3 үй
жануары бар.

Олардың барлық
табандарының
саны – 10. Айгүлде
қандай жануарлар
болуы мүмкін?

Сен қалай
ойлайсың?

Жиын дегеніміз не?

Сен

- «ЖИЫН» ұғымымен танысасың;
- жиынның элементтерін білетін боласың.

Тірек сөздер


ЖИЫН
ЭЛЕМЕНТ

Жиын – ортақ белгісі бар заттар жиынтығы.
Мысалы: алма, алмұрт, апельсин – жемістер жиыны.

Жиындар


Жиындарды ата.

Жиынды құрайтын заттар **элементтер** деп аталады.




Табиғатта

Жиындардың элементтерін ата.






Элементтер

Мына элементтер қай жиынға жатады?



Шығарып көр

Әр жиындағы артық элементті тап.



Егер екі жиынды біріктірсе, онда жаңа жиын пайда болады. Егер бір жиыннан оның бөлігін алып тастаса, онда да жаңа жиын пайда болады.

Орындап көр

Отбасындағы адамдарды ата. Олар жиын құрай ала ма? Неге?

Қандай жиындар шығады?

- А.** Балалар жиыны мен ересектер жиынын біріктірсе?
- Ә.** Сынып оқушылары жиынынан қыздар жиынын алып тастаса?

Жиындарды салыстыру.

Тең жиындар

Сен

- жиындарды салыстыруды үйренесің;
- қандай жиындардың тең жиындар деп аталатынын білетін боласың.


Тірек сөздер

тең жиындар

Екі жиынды салыстырғанда, олардың қандай элементтерден тұратынын және элементтер санын ескеру қажет.

Тап және салыстыр

Берілген заттардан қандай жиындар құрауға болады? Жиындарды сипаттап айт және оларды өзара салыстыр.



Сана және салыстыр.

Жиындарды элементтер саны бойынша салыстыр.



Тең жиындар деп элементтері де, элементтерінің саны да бірдей жиынды айтамыз.

Жиындар тең бе?



Шығарып көр

Жиындарды қалай теңестіруге болады?



Орындап көр

Берілген жиынға тең болатын жиынды ата:

а) 1, 3, 5, 7, 16;

ә) А, Л, Д, М, К.

Берілген жиынға тең емес болатын жиынды ата:

а) ана, әке, ұл, қыз;

ә) қыс, көктем, жаз, күз.

Қоңыздар

Тең және тең емес жиындарды тап.



Жиын. Бос жиын

Сен

- жиынды құру жолдарын білетін боласың;
- «бос жиын» ұғымымен танысасың.

Тірек сөздер





бос жиын

Заттарды әртүрлі белгілері бойынша жиынға топтастыруға болады.



Жиындар

Жиындар мен олардың элементтерін ата.



Жиын элементтері




Мынадай жиындар берілген:

- а) ыдыстар;
- ә) ағаштар;
- б) оқу құралдары.

Әр жиынға тиісті элементтерді ата.

Артық элемент

Суреттерге қара. Берілген жиынға тиісті емес элементті ата. Жауабыңды түсіндір.



Шығарып көр

Әр жиында қанша элемент бар?

а) көгөністер; ә) жемістер; б) сусындар.

Нені байқадың?



Егер жиында бірде-бір элемент болмаса, оны бос жиын деп атайды.

Орындап көр

8 бен 3 сандарының арасындағы жиынды тап.

Ойлан

Тек бір элементтен тұратын жиын бола ма? Мысал келтір.

Заттардан комбинация құрастыру

Сен

- заттардан комбинация құрастыру ұғымымен танысасың;
- түрліше құрастырылған заттарды таба алатын боласың.

Тірек сөздер

комбинация
құрастыру


Заттардың орындарын алмастыруға, әртүрлі тәсілмен тандап, топтастыруға, жинақтауға болады. Бұны комбинация құрастыру деп атайды.

Сүйікті ойыншықтар

Сөреде 3 ойыншық тұр: қуыршақ, доп, пирамида.

Әнел 2 ойыншықты жақсы көреді.

Олар қандай ойыншықтар болуы мүмкін?



Фотосуреттер

Мұратта 3 фотосурет бар.

Альбомның 1 бетіне тек 2 фотосурет қана сыяды.

Оларды альбомға қалай орналастыра алады?


Әр қатарды толықтыр.

- а) ит,
- ә) мысық, ...
- б) ұл, ...
- в) мысық,
- г) ұл, ...
- ғ) ит,...



Жаңа киім

Ләззаттың көгілдір және қызғылт баскиімі, сондай-ақ көгілдір және қызғылт шалмасы бар. Ләззат оларды қалай кие алады? Қанша нұсқа шықты?



Шығарып көр

Қорапқа шоколад және карамель кәмпиттер салынған. Бала қораптан 2 кәмпит алды. Бұл қандай кәмпит болуы мүмкін?



Орындап көр

Қаламды, сызғышты және қарындашты үстелге әртүрлі тәсілмен орналастыр. Неше тәсілмен орналастырғаныңды сана.

Ойлан

Қаламсауытта 4 жай және 2 түрлі түсті қарындаш жатыр. Қолдағы қарындаш жай қарындаш болуы үшін ең аз дегенде қанша қарындаш алу керек?

Комбинацияларды құрастыру

Сен

- сандар мен заттардан екі-екіден комбинациялар құрастырып үйренесің.

Тірек сөздер

комбинация

Комбинация құрастыру – сандарды немесе заттарды әртүрлі тәсілмен біріктіру деген сөз.

Қызғалдақтар

Гүлзарда 6 гүл гүлдеді: олардың 4-уі қызғалдақ және 2-уі сарғалдақ.

Анам 2 гүлді үзіп алды. Гүлдер қандай түсті болуы мүмкін? Қанша комбинация шықты?



Комбинацияларды құрастыруда кестені пайдалану қолайлы.

Сандар

Оқушы 1, 0, 2 цифрларынан екі таңбалы сандар құрастырды. Қандай сандар жазылмай қалды?


бірліктер ондықтар	1	0	2
1	11	10	
0	1		
2		20	

Кесте дұрыс толтырылған ба? Тексер.

бірліктер ондықтар	8	9
1	18	9
0	80	90

Шығарып көр

Әзиз ұшақтың, мәшиненің және кемеңіз суретін салды. Ол екі суретін досына сыйлады. Бұлар қандай сурет болуы мүмкін?



Орындап көр

Бірінші кестедегі цифрларды пайдаланып сөз құра. Сенде қандай сөз шықты?

т	а	р	а	қ
1	2	3	4	5

5	4	1	2	3

Ұзындық. Өлшеу және салыстыру

Сен

- заттардың ұзындығын салыстыруда $>$ және $<$ белгілерін қолдануды үйренесің.


Заттардың ұзындығын салыстыру нәтижесін $>$ және $<$ («артық» және «кем») белгілерінің көмегімен санды теңсіздік түрінде жазуға болады. Мысалы, $15 \text{ см} > 13 \text{ см}$, $5 \text{ дм} < 7 \text{ дм}$.

Әуе шарымен саяхат

Суретке қара. Салыстыр:

- а) мұражай ғимараты мен бизнес-орталығының енін;
- ә) теміржол мен пойыздың ұзындығын;
- б) бағдаршамдардың арасындағы көпір мен жолдың ұзындығын.

Нәтижесі бойынша санды теңсіздіктер құрастыр.



Шығарып көр



2 үйдің енін салыстыр. Олардың шатырларының қабырғаларын салыстыр.

Тиісті сандық теңсіздіктер құрастыр.



Орындап көр

Өлшеу нәтижелерін салыстыр.



Масса. Өлшеу және салыстыру

Сен

- заттардың массасын салыстыруда $>$ және $<$ белгілерін қолдануды білетін боласың.

Заттардың массасын салыстыру нәтижесін $>$ және $<$ («артық» және «кем») белгілерінің көмегімен санды теңсіздік түрінде жазуға болады. Мысалы, $40 \text{ кг} > 30 \text{ кг}$.

Балуандар


Екі балуан кім күштірек екенін біле алмай дауласты. Сен дауды шешуге көмектес. Қай балуан массасы ауыр кіртасты көтерді? Сандық теңсіздіктер құрастыр.



Бірдей шамалардың мәндерін ғана бір-бірімен салыстыруға болады. Мысалы, массаның мәнін басқа массаның мәнімен салыстыруға болады. Ал массаның мәнін ұзындықтың мәнімен салыстыруға болмайды.

Шығарып көр

Бір жәшікте 12 кг алма бар, ал басқасында – 10 кг. Қай жәшіктегі алманың массасы кем? Қаншаға кем? Санды теңсіздік құрастыр. Сен неше теңсіздік құрастырдың?



Орындап көр

Өлшеу нәтижелерінің арасына қандай белгі қоюға болатынын анықта.



12 кг 14 кг



Көлем. Өлшеу және салыстыру

Сен



- заттардың көлемін салыстыруда $>$ және $<$ белгілерін қолдануды білетін боласың.

Заттарды көлемі бойынша салыстыру нәтижесін $>$ және $<$ («артық» және «кем») белгілерін пайдаланып жазуға болады. Мысалы, $12 \text{ л} < 20 \text{ л}$.

Сауда жасау

Суретке қара.

Екі себеттегі азық-түліктің қайсысын көлемі бойынша салыстыруға болады? Оларды салыстыр. Санды теңсіздіктер құрастыр.



Шығарып көр



Бір аквариумға 20 л су сыяды, ал екіншісіне – 30 л.

Қай аквариумдағы судың көлемі артық?

Қаншаға артық?

Санды теңсіздік құрастыр.

Сен неше теңсіздік құрастыра аласың?



Орындап көр

Өлшеу нәтижелерінің арасына қандай белгі қоюға болатынын анықта.



|| | | | | | | |



6

Нысандардың орналасуы және бағыты

Қисық сызық. Тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар


Сен

- «ҚИСЫҚ СЫЗЫҚ» ұғымымен танысасың;
- Тұйықталған сызық пен тұйықталмаған сызықтың айырмашылығын білетін боласың.


Тірек сөздер

ҚИСЫҚ СЫЗЫҚ
ТҰЙЫҚТАЛҒАН
СЫЗЫҚ
ТҰЙЫҚТАЛМАҒАН
СЫЗЫҚ

Сызықтар түзу және қисық, тұйықталған және тұйықталмаған болады.



тұйықталмаған
сызық



тұйықталған
сызық



Қисық сызықтарды тап

Суреттерге қара. Олардың қайсысы қисық сызықпен салынған?



Суреттен қандай жазық фигураларды көріп тұрсың?
Оларды ата.

Көмектес

Анарға үйіне баратын жолды табуға көмектес.


Суреттен қандай кеңістік фигураларды көріп тұрсың?
Оларды ата.



Тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар


Тұйықталмаған сызықтар қандай түспен берілген?

Тұйықталған сызықтар ше?




Сен білесің бе?

Мынадай тұйықталған сызық **шеңбер** деп аталады.



Шығарып көр

Нүкте арқылы неше қисық сызық өтеді? Санап көр.



Орындап көр

2, 3, 5, 8, 0 цифрларының жазылуына қара. Олардың қайсысы тұйықталған сызықтардан тұрады? Қайсысы тұйықталмаған сызықтардан тұрады?

Түзу. Кесінді. Сынық сызық

Сен

- «түзу» ұғымымен танысасың;
- кесінді мен сынық сызықтың неден тұратынын білетін боласың;
- түзуді, кесіндіні және сынық сызықты салуды үйренесің.


Тірек сөздер

түзу
кесінді

тұйықталған
сынық сызық

тұйықталмаған
сынық сызық

Түзу сызықтың басы мен ұшы болмайды.
Түзу сызықты сызғыштың көмегімен сызуға болады.




Түзу сызықтарды сана.

Суретте қанша түзу сызық салынған?

Олар қандай түспен боялған?

Кесінді – түзу сызықтың бөлігі. Кесіндінің 2 ұшы болады.
Олар нүктелермен белгіленеді.



Кесінділер

Түзу сызықта неше кесінді салынған? Оларды атап көр.

Ең ұзын кесіндіні көрсет. Ең қысқа кесіндіні көрсет.


Ұзындықтарын сызғышпен өлшеп көр.




СЫНЫҚ СЫЗЫҚ кесінділерден тұрады.

Оларды буын деп атайды.

Әр буынның ұшы – бұл сынық сызықтың төбесі.




Тұйықталмаған
СЫНЫҚ СЫЗЫҚ



Тұйықталған
СЫНЫҚ СЫЗЫҚ




Шығарып көр

Сынық сызықтарды қандай топтарға бөлуге болады?
Әрбір сынық сызықтың қанша буыны мен төбесі бар?



Орындап көр

Суреттерден білетін сызықтарды тап және көрсет.




Кесінділерді өлшеу. Фигураларды салу

Сен

- геометриялық фигураларды салуды үйренесің.

Сызып көр

Дәптерге мына фигураларды сыз.
Фигураның ең қысқа қабырғасы қайсы?
Оның ұзындығын өлше.



Тышқанның іні

Тышқанның ініне кіретін барлық жолдардың ұзындығын өлше. Олардың ішіндегі ең қысқасының ұзындығы қандай? Дәптеріңе ұзындығы сондай кесінді сыз.

Орындап көр







Егер тіктөртбұрыштың қарама-қарсы бұрышындағы нүктелерді кесінділермен қосса, неше үшбұрыш пайда болады?

1. Қағазға тіктөртбұрыш сыз.
2. Қарама-қарсы бұрыштарындағы нүктелерді қос.
3. Пайда болған үшбұрыштарды қиып ал.
4. Олардан жаңа фигура құрастыр.
5. Осындай фигураны дәптердің бетіне сызып көр.



Фигураларды сыз.

Торкөз қағазға мына суреттегідей фигураларды сызып көр.



Нүктелі қағазға фигураларды сызамыз

Сен

- нүктелі қағазға тіктөртбұрыш, шаршы, үшбұрыш салуды үйренесің.


Тірек сөздер

нүктелі
қағаз

Нүктелі қағазға тіктөртбұрыш сал.

Бастапқы нүктені таңда. Мына ретпен 4 әрекет жаса:


- 1) бастапқы нүктеден 6-шы нүктеге дейін оңға қарай кесінді сал;
- 2) 4-ші нүктеге дейін төмен қарай сал;
- 3) 6-шы нүктеге дейін солға қарай сал;
- 4) 4-ші нүктеге дейін жоғары қарай сал.



Нүктелі қағазға үшбұрыш сал.

Бастапқы нүктені таңда. Мына ретпен 3 әрекет жаса:

- 1) бастапқы нүктеден 5-ші нүктеге дейін оңға қарай кесінді сал;
- 2) бастапқы нүктеден 5-ші нүктеге дейін төменге қарай сал;
- 3) алғашқы 2 кесіндінің ұштарын қос.




Орындап көр

А. Қабырғаларының ұзындықтары 7 см және 5 см болатын тіктөртбұрышты салуға арналған нұсқаулық құрастыр.

Ә. Қабырғасы 4 см болатын шаршыны салуға арналған нұсқаулық құрастыр.

Нүктелі қағазға төмендегі фигураларды сызып көр.



Ойлан
 Берілген нүктелер арқылы неше шаршы және тіктөртбұрыш салуға болады? Оларды сызып көр.

Нүктелі қағаздағы фигуралардың моделі

Сен

- нүктелі қағазға жазық фигуралардың моделін салуды үйренесің.


Тірек сөздер

фигуралардың моделдері

Сен нүктелі қағаздың көмегімен жазық **фигураның моделін** жасай аласың. Олардан композиция құрастыруға болады.


Үйшік

Үйшік қандай геометриялық фигуралардан құрастырылған? Атап көр.




Суреттерді жинақта.

Төмендегі фигуралардан қандай суреттер құрастыруға болады?




Шығарып көр

Нүктелі қағазға мынадай қолтырауынның суретін сал.




Орындап көр

Нүктелі қағазға осындай өрнек сал.



Ойлан

Төмендегі шыршаны салу үшін қанша нүктені пайдалану керек?



Фигураларды салыстыру

Сен

- фигураларды салыстыруды білетін боласың.

Тірек сөздер

жуан – жіңішке

биік – аласа

кең – тар

үлкен – кіші

Жолақтарды салыстыр.

Жолақтардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? Салыстыр және түсіндір.

ұзын – қысқа



кең – тар




үлкен – кіші




Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыр.

Өз мысалыңды келтір.

Қайыңның діңі жіңішке,
еменнің діңі ...



Бірінші кілт ұзын,
ал екіншісі ...



Бір сөмке кіші,
ал екіншісі ...



Шығарып көр

Балалар үйлеріне қарай бара жатыр. Асан үйіне тар жолмен, ал Үсен кең жолмен барады. Әр бала қай үйде тұрады? Үлкен және кішкене үйдің есіктерін салыстыр. Өз жауабыңды сызғыштың көмегімен тексер.




Орындап көр

Қабырғасы 3 см болатын шаршыдан кішірек шаршының қабырғасының ұзындығы қандай болуы мүмкін? Осы шаршыны сызып көрсет.

Ойлан

Сен оны қалай жалғастырасың?
Келесі фигура қайсы?







Фигуралардың орналасуы

Сен

- фигуралардың орнын сипаттап үйренесің.

Фигуралар қалай орналасқан?

Үшбұрыштың сол жағында және оң жағында қандай фигуралар орналасқан?




Үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышты мына ретпен сыз:


- ортада – қызыл үшбұрыш,
- жоғарыда – үлкен шаршы, ал төменде – кіші тіктөртбұрыш,
- оң жақта – кіші дөңгелек, сол жақта – үлкен дөңгелек.

**Үйшіктер қандай фигуралардан жасалған?
Фигуралардың қалай орналасқанын айтып бер.**


а)



ә)



б)



Орындап көр


Суреттегідей фигуралар сыз және оларды қиып ал.
Фигураларды әртүрлі тәсілмен бұрып, бір-бірімен
сәйкестендіріп көр.

Қандай 3 фигурадан 1 тіктөртбұрыш құрастыруға
болады?


1




2




3



4



5









Үшбұрыштардан жасалған фигуралар

Әрбір фигурада қанша үшбұрыш бар?

Осы фигураларды құрастыр.

Ол үшін:

- 1) шаршыны сыз да, қиып ал;
- 2) оны үшбұрыш шығатындай етіп бүкте;
- 3) алынған үшбұрышты тең екіге бүкте;
- 4) үшбұрышты тағы да тең екіге бүкте;
- 5) бүктеу сызықтары бойынша кішкентай үшбұрыштар қиып ал.



Заттардың орналасуы

Сен

- заттардың қоршаған ортада орналасқан орнын анықтауды үйренесің.

Біздің айналамыздағы заттардың кеңістікте бір-біріне қатысты орналасуын мына сөздер сипаттайды: «оңға», «солға», «алдында», «артында», «жоғары», «төмен», «ішінде», «сыртында», «ортасында», «үстінде», «астында».

Тірек сөздер

алдында - артында

үстінде - астында

ішінде - сыртында

ортасында

оңға - солға

жоғарыда - төменде

Балықшылар

Суретте заттар қалай орналасқан? Сипаттап айт.



Шығарып көр

Суретке қара. Мына заттар қоянның қай жағында орналасқанын айтып бер:

- а) суы бар шелек; б) көк шөп салынған себет;
 ө) сәбіз салынған жәшік; в) қасқыр.

Егер қоян оңға бұрылса, олардың орналасуы қалай



Орындап көр

Өзің отырған партадан есікке дейін қалай барар едің?

Сызып көрсет.

Ойлан

Егер қонжық көжектің сол жағында отырса, онда көжек қонжықтың қай жағында отыр?

Математикалық марафон

Сен

- есептер мен теңдеулерді шешу дағдыларын бекітесің.

Кәне, баста!

50, 90, 10, 5, 70, 20 сандарын алдымен өсу ретімен, сосын кему ретімен ата.

Жекпе-жек

Теңдеулерді шеш:

$$x - 8 = 11$$

$$6 + x = 20$$

$$18 - x = 6$$



Асық ату

Асықтардың орнына түсіп қалған сандарды қой.






$5 < 5$ $90 >$ 2 $=$ 0 $a + 8 =$ $+ a$

8 $=$ 5 > 5 1 $=$ 1 $20 +$ < 90

Шығарып көр

Суреттегі тапсырманы орында. Белгісіз санды тап. Оған сәйкес әріпті кестеге қойып, жасырын сөзді оқы.

10	11	12	13	14



Теңге алу

Жарысқа 20 спортшы қатысты. Бірінші күні 7 спортшы, екінші күні 3 спортшы, ал қалғаны – үшінші күні сайысқа түсті. Үшінші күні неше спортшы сайысқа түсті?

Ойлан

Бес жігіт аттарын бәйгеге қосты. Талғаттың аты көмбеге Серіктің атынан бұрын, бірақ Алмастың атынан кейін келді. Жарастың аты Алмастың атынан бұрын, ал Олжастың аты Серіктің атынан кейін келді. Кімнің аты бірінші келді, кімнің аты соңынан келді? Ретімен орналастыр.



Орындап көр

Қандай сандардың қосындысы
11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 болады?

Глоссарий

Ай	4 апта және бірнеше күннен тұратын уақыт аралығы.
Амалдар реті	мысалды шешудегі амалдар реті.
Алғашқыда	алдымен, әуелі.
Апта	7 күнге тең уақыттың өлшем бірлігі.
Әріпті өрнек	сандардан, әріптерден және амалдар белгісінен құрастырылған математикалық өрнек. Мысалы, $7 + x$; $10 - y$.
Баған	кестенің элементі. Баған бірінің астына бірі жазылған ұяшықтардан тұрады.
Баға	белгілі бір заттың (мысалы, тауар) ақша бірліктерімен анықталған құны.
Белгісіз сан	мәнін табуды қажет ететін компонент.
Бейсенбі	аптаның төртінші күні.
Бөлік	бүтіннің құрамындағы компонент. Қосу амалында бөлік – бұл қосылғыш, азайтуда ол азайтқыш немесе айырма болады.
Бүтін	бірнеше бөліктерден тұрады. Қосуға берілген өрнектегі бүтін – бұл қосынды, азайтудағы бүтін – бұл азайғыш.
Бұрын	белгілі бір уақытқа дейін, қандай да бір сәтке дейін.
Диаграмма	сандық мәліметтерді төртбұрыштар мен шаршылардың көмегімен көрсетілетін сызба.

Дүйсенбі	аптаның бірінші күні.
Есеп	шарт пен сұрақтан тұратын математикалық мәтін.
Жауап	есеп шешуінің нәтижесі.
Жексенбі	аптаның жетінші күні.
Жиын	қандай да бір белгісі бойынша топтастырылған, ортақ атауға ие болған заттар тобы.
Жол	кестенің элементі. Жол бір сызықтың бойында орналасқан ұяшықтардан тұрады.
Жұма	аптаның бесінші күні.
Кейінірек	біраздан кейін, содан соң.
Кері есеп	белгілісі белгісізге, ал белгісізі белгіліге айналатын есеп.
Кесте	деректерді белгілі бір үлгіде бағандар мен жолдарға жазуға арналған сызба.
Кеш	ымырт жабылып, қараңғы түскен кез.
Күнтізбе	жылдағы барлық күндер көрсетілген кесте. Күндер айлар мен апталарға бөлінеді.
Күн	таң атқаннан кеш батқанға дейінгі уақыт.
Комбинация	цифрларды немесе заттарды әртүрлі тәсілдермен құрастыру нәтижесі.
Қосынды	қосу амалының нәтижесі.
Комбинация құрастыру	фигуралардың, заттардың немесе сандардың орындарын алмастыру; солардан басқа зат немесе сан шығару; оларды әртүрлі ретпен байланыстыру немесе орналастыру.

Қисық сызық	сызғышпен сызуға болмайтын түзу емес сызық.
Құн	тауардың немесе қызмет көрсетудің бағасы. Қандай да бір нәрсенің құндылығы.
Логикалық есеп	тапқырлықты, ой ұшқырлығын қажет ететін есеп.
Минут	60 секундқа тең уақыттың өлшем бірлігі.
Минуттық тіл	сағат циферблатындағы ұзын тіл, ол сағаттық тілден жіңішке болады. Ол циферблат бойынша 1 айналым жасағанда, 1 сағат өтеді.
Монета	металдан жасалған ақшаның түрі.
Өрнектің мәні	санды өрнектегі амалдарды орындау нәтижесінде алынатын сан.
Пиктограмма	қандай да бір кескіннің шартты түрде берілген шағын үлгісі.
Сағат	1. 60 минутқа тең уақыттың өлшем бірлігі. 2. Уақытты өлшеуге арналған құрал.
Сағаттық тіл	сағат циферблаттағы қысқа тіл. Ақырын қозғалады. Ол циферблат бойымен 1 айналым жасап шыққанда, 12 сағат өтеді.
Санды өрнек	сандар мен арифметикалық амал белгілерімен құрастырылған математикалық өрнек. Мысалы, $14 + 25 - 78 + 3$.
Сәрсенбі	аптаның үшінші күні.
Сейсенбі	аптаның екінші күні.

Сенбі	аптаның алтыншы күні.
Содан соң	содан кейін, артынан.
Сұрақ	есептің бөлігі. Есепті шығарған соң сұраққа жауап беруге болады.
Сызба	белгілі бір нәрсенің жалпы түрде ықшамдап берілген кескіні.
Таңертең	таң атқаннан сәскеге дейінгі уақыт.
Теңге	Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы.
Теңдеу	белгісіз бөлігі бар теңдік. Мысалы, $3 + x = 7$.
Теңдік	санды өрнектер арасында « $=$ » белгісі тұратын математикалық өрнек. Мысалы, $2 = 2$; $2 + 4 = 3 + 3$.
Тең жиындар	құрамындағы элементтер мен олардың саны бірдей болатын жиындар.
Теңсіздік	санды өрнектер арасында « $>$ » немесе « $<$ » белгісі тұратын математикалық өрнек. Мысалы, $3 < 5$; $11 - 1 > 9 - 5$.
Шарты	белгілі сандарды қамтитын, өзара белгілі бір сюжетпен байланыстырылған есеп бөлігі. Есептің сұрағы шартпен байланысты болады.
Шешуі	есеп мақсатына сәйкес жүзеге асырылатын амалдардың нәтижесі.
Элемент	жиынның құрамына кіретін бөлік.

Есте сақта

Теңдеуді шешу

Белгісіз қосылғышы бар теңдеулерді шешу

$$x + 3 = 8$$

$$x = 8 - 3$$

$$x = 5$$

$$5 + 3 = 8$$

$$8 = 8$$

$$5 + x = 9$$

$$x = 9 - 5$$

$$x = 4$$

$$5 + 4 = 9$$

$$9 = 9$$

Белгісіз азайтқышы бар теңдеулерді шешу

$$8 - x = 2$$

$$x = 8 - 2$$

$$x = 6$$

$$8 - 6 = 2$$

$$2 = 2$$

Белгісіз азайғышы бар теңдеулерді шешу

$$x - 2 = 7$$

$$x = 7 + 2$$

$$x = 9$$

$$9 - 2 = 7$$

$$7 = 7$$

Амалдардың реті

① ②

$$20 - 15 + 2 = 7$$

$$1) 20 - 15 = 5$$

$$2) 5 + 2 = 7$$

② ①

$$15 - (1 + 4) = 10$$

$$1) 1 + 4 = 5$$

$$2) 15 - 5 = 10$$

Шамалардың өлшем бірлігі

Ұзындық	см, дм 1 дм = 10 см
Масса	кг
Көлем	л
Уақыт	сағ, мин
	1 сағат = 60 минут

Есеп шығару**Есеп:**

Жазғы лагерьде 40 қыз және 50 ұл демалды. Лагерьде барлығы қанша бала демалды?

Есептің сұрағы:

Лагерьде барлығы қанша бала демалды?


Есептің шарты:

Жазғы лагерьде 40 қыз және 50 ұл демалды?

Қысқаша жазба:

Қыздар — 40 б. $>$? б.
Ұлдар — 50 б.

Сызба:




Шешуі:

$$40 + 50 = 90 \text{ (б.)}$$

Жауабы: 90 бала.

Геометриялық фигуралар



Оқулық

МАТЕМАТИКА

1-сынып. 4-бөлім

Көру қабілеті бұзылған (нашар көретін)
балаларға арналған арнайы жалпы білім
беретін мектептердің (сыныптардың)
1-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігінің
тапсырысы бойынша

Бейімдеген Жумабекова Э. Ж.
Редакторы Г. Н. Базарбаева
Корректоры Ж. А. Исабекова
Дизайны «Білім беру ресурстар орталығы»
ЖМ-де жасалып, беттелді.

ЖШС «ӘБЕО» орталығы
Алматы қ., Байзақов көшесі, 273В

Басуға 11.06.2018 қол қойылды. Пішімі 60x90^{1/8}.
Есептік баспа табағы 15,25. Шартты баспа табағы 15,25.
Офсеттік қағаз